Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 6 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қыркүйекте № 29568 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 14 ақпандағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 14.02.2023 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Хромтау аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2022 жылғы 7 маусымдағы № 15-04/174 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Абай ауылдық округі Абай ауылы аумағында ірі қара малдың арасынан бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы
Абай ауылдық округінің әкімі *А. Мустафин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК